IV апта «Өнер көзі – халықта»	Дене шынықтыру-2 (Маман жоспарымен) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: «Табиғи апат». Мақсаты: Балаларға ауа-райының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; ауа-райының өзгеруіне апат түрлерімен таныстыру; табиғи апаттық жағдайдан құтылу шараларын білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қазақ халқының ұлттық аспаптары". Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық аспаптарын балаларға түсіндіру, түрлі жолдармен сөзді жасай алуды бекіту және оны белсенді сөйлеу тілінде қолдану; сөйлеу тілінің ақырын және қатты дыбысталуын ажыратуды үйрету, берілген тақырыпқа әңгімені ойдан шығарып жалғастыруды және аяқтауды дамыту; балалардың қазақ халқының аспаптарын қадірлей білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Домбыра туралы аңыз". Мақсаты: Аңыз туарлы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету. Сауат ашу негіздері	Математика негіздері Тақырыбы: "Сарқытты таратуда есеп бар". Мақсаты: Балалардың шартты өлшемді заттырдың шамасын (қалыңдығын) салыстыруда пайдалануға үйретуді жалғастыру; геометриялық денелердің негізгі қасиеттері мен айырмашылығын бекіту; тұтастың құрамындағы ұсақтарды сандар арқылы бекітуге жаттықтыру; Жаратылыстану Тақырыбы: "Қазақ ұлттық аспаптары" Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру жалғастыру, оларды ажыратып, айта білу қабілеттерін пысықтау; аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып, тілін дамыту; қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту. Құрастыру	Сурет салу Тақырыбы: "Қоржынды безендірейік". Мақсаты: Балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу; оюдың оң мен сол жақтарын бірыңғай салуға талпындырту; қоржын ашу дәстүрі туралы мағлұматтарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау біліктерін жетілдіру; қазақтың салт-дәстүрлеріне, қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: "Текемет". Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті қағазды тең ортасынан бүктеп, симметрия бойымен "қошқармүйіз" оюын кесіп алып, оюды тіктөртбұрыштың бетіне жапсыруға үйрету;	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Табиғат-денсаулық мекені". Мақсаты: "Табиғат", "Денсаулық" құндылығының туралы түсіндіру. Табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
---	--	---	--	---	---

		Тақырыбы: "[б] дыбысы және Бб әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [Б] дыбысын және Б әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Б дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Б әріпін, жазылу таңбасын таныстыру, жазуға үйрету. Есте сақтау, фонемалық есту қабілеттерін арттыру. Шығармашылыққа баулу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[х] дыбысы және Хх әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Оқушыларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру. [х] дыбысына қатысты жаңа сөздерді таныту арқылы оқушылардың білімін жетілдіру, тілін дамыту. Оқушыларды білімділікке, ұқыптылыққа, сауаттылыққа, табиғатты қорғауға, оқуға дағдыландыру. Орыс тілі (Маман жоспарымен)	Тақырыбы: "Көшпелі халық баспанасы". Мақсаты: Балаларды киіз үй бейнеленген қағаз бетіне түрлі-түсті тоқыма жіптерін қайшымен ұсақтап қиып, киіз үйді безендіруге үйрету; киіз үйдің сүйектері, құрылымы: шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық жайлы, көшпелі халық баспанасы туралы білімдерін толықтыру; әдет-ғұрыптар жайлы білімдерін кеңейте отырып, балаларды қонақжайлылыққа тәрбиелеу; балалардың қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; тоқыма жіптерін қағаз бетіне жапсыру арқылы қол саусақ моторикаларын дамыту; "қара жорға" биінің қимылдарын еске түсіру, балалардың денелерін шынықтыру; шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	қазақтың сәндік-қолданбалы өнер туындылары, соның ішінде текемет және де басқа киіз үй жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; "қошқармүйіз" оюын қайшымен кесіп алу іскерліктерін жетілдіру. Мүсіндеу Тақырыбы: "Көне аспап-қобыз". Мақсаты: Балаларды ермексаздың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету; қобыз және қобыздың түрлері, қобыздың құрылысы жайлы білімдерін толықтыру; ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	---	---	--	--

Сәуір айының өтпелі тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Мақсаты: Балалардың ғарыш әлемі жайлы білімдерін жүйелеу, ғарыш ғаламына деген қызығушылықтарын арттыра отырып, Жер біздің ортақ үйіміз, өзен және көл, теңіздер мен мұхиттар, таулар, орман мен дала туралы түсінік беру. Жер ананы сүйуге, қадірлеуге, Қазақстанда тұратын барлық халықтарды құрметтеуге тәрбиелеу. Көктемнің келуімен табиғатта болатын өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту, олардың салт дәстүрлеріне, ұлттық құндылықтарына, халықтар бірлігі тәуелсіз еліміздің басты игілігі екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

Білім салалары оқу қызметінің түрі және апта жүктемесі	Денсаулық-3 Дене шынықтыру – 2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері – 0,5	Қатынас-5 Сауат ашу негіздері-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-1	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	Әлеумет-1,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5 Өзін-өзі тану-1
I апта. «Ғарышқа саяхат».	Дене шынықтыру-3 (Маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Күн мен Ай ертегісі". Мақсаты: Ертегіні оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды әңгімелеуін дамыту;	Математика негіздері Тақырыбы: "Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік". Мақсаты: Балаларды алыс және жақын орналасқан объектілердің шынайы сипатын тануға, шамасын салыстыруға үйрету; геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге	Сурет салу Тақырыбы: "Біздің ғарышқа саяхатымыз". Мақсаты: Балаларды ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, сурет салу дағдыларын жетілдіру; "Ғарышкер күні" туралы білімдерін бекіту; ой-	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Ғарыш әлемі". Мақсаты: Балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобала іске асыруға үйрету; түрлі

		балаларды бауырмалдыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[h] дыбысы және hh әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу. Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[я] дыбысы және Яя әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету. Я дыбысына қатысты сөздерді сауатты оқуға, жазуға, адамгершілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". Мақсаты: Балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге	жаттықтыру; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту, "он" саны көлеміндегі сандар қатарын және сандар құрамы жөніндегі білімдері мен біліктерін дамыту; аналитикалық қабілеттерді ұштау, зеректікке тәрбиелеу." Жаратылыстану. Тақырыбы: "Шокжұлдыздар". Мақсаты: Балаларға астрономияны ғылымы туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деген ұғымдарды балаларға түсіндіру; Күн жүйесінің 8 планеталарын атай білу, олардың арасынан жер табуды үйрету; жеке болжамды дәлелдеу және өз бетінше қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыру; зейіні, есте сақтау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зияткерлікке, шығармашылыққа баулу.	қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, зияткерлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: "Зымырайды зымыран". Мақсаты: балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; баланың шапшаң ойлауын жетілдіру, кеңістікті бағдарлай білуге, балалардың тілдік нормаларын дамыту; түтікшелердің көмегімен зымыранды ұшыру арқылы баланың тыныс алуын жақсарту. Мүсіндеу Тақырыбы: "Зымыран ұшар ғарышқа". Мақсаты: зымыранды мүсіндеуге үйрету; ғарышкерлер туралы білімдерін толықтыру; ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; ғарышкерлерді	жаттығуларға белсенді қатысып, ғарыш әлемі туралы білімдерін толықтыру; зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Өзін-өзі тану. Тақырыбы: "Табиғат және адам". Мақсаты: Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту. Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатқа деген қамқор қарым- қатынас дағдысын дамыту. Тазалыққа, ізгілікке тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	---

		үйрету.Қазақ елінің тұңғыш ғарышкерлері туралы білімдерін кеңейту. Балалардың тілін дамыту. Орыс тілі (Маман жоспарымен)		құрметтеп, бағалай білуге тәрбиелеу. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	--	--	--	--

II апта. «Жер-ана».	Дене шынықтыру-2 (Маман жоспарымен) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: "Қауіпті жануарлар". Мақсаты: балаларға қауіпті жануарлар туралы түсінік беру; қауіпті жануарлар түрлерімен таныстыру;	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» орыс халық ертегісі". Мақсаты: Ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Ертегінің мазмұнын айтуға, сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. Ауызекі сөйлей білуге дағдыландыру,	Математика негіздері Тақырыбы: "Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық". Мақсаты: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баула, сызғыштың сипатымен таныстыру; бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал	Сурет салу Тақырыбы: "Түйе". Мақсаты: балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту; Жапсыру Тақырыбы: "Әрі түйе, әрі құс болады ол түйеқұс".	Өзін өзі тану Тақырыбы: "Табиғат - ана". Мақсаты: "Табиғат" құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру. Табиғатқа деген танымдық қызығушылықтарын
--------------------------------------	--	---	---	---	---

	жануарлармен байланыс кезінде қауіпсіздік және тазалық ережелерін сақтай білуге үйрету.	сұраққа толық жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке, бір біріне жақсы тілек айта білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халық ертегісі." Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Жәндіктердің басты белгілері мен айырмашылықтарын түсіндіру. Сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту. Достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ф] дыбысы және Фф әрпі, әріп таңбасымен танысу." Мақсаты: Ф дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, Ф дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ю] дыбысы	бөлік бүтіннен кіші), осы білікті сандар құрамында қолдануға жаттықтыру; зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Жас бағбандар". Мақсаты: еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту; далада гүл егу арқылы табиғатқа қатыстарын сездіру, өз істеріне жауапкершілікпен қарауға баулу; тәжірибе арқылы балалардың қоршаған ортадағы өсімдіктерге қызығушылығын арттыру, ізгілікке, мейірімділікке, білімге құштарлықты тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырыбы: "Құрылыс ғаламшары". Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары пайдаланып ғарыш кемесін құрастыруды үйрету, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, кірпіштің үстіне арқаны арқасына аударып қоюға, текшелерді,	Мақсаты: балаларды дәстүрлі емес материал: мақта табақшаларынан қағаз бетіне түйеқұсты жапсыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; мақта табақшасынан көлемі кішкентай шеңберді, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан кесіп алу, жолақтарды кесіп алу Мүсіндеу Тақырыбы: "Глобус". Мақсаты: балаларды ермексазды домалақтау әдісін қолдана отырып "глобусты" мүсіндеуге, ермексазды жағу арқылы құрлықты бейнелеуге үйрету; "Жер шарының кішірейтілген бейнесі" туралы, біздің Жер ғаламшарында мекен ететініміз жайлы түсініктерін қалыптастыру; "глобус" туралы мағлұмат беру; Күн жүйесін айналып тұратын ғаламшарлар жайлы білімдерін жетілдіру; ермексазды жағу арқылы глобустағы құрлықтарды бейнелеу;	дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
--	--	--	--	--	--

		және Юю әрпі, әріп таңбасымен танысу." Мақсаты: [ю] дыбысын және Ю әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Юю әріптерін, жазылу таңбаларымен таныстыру, жазуға үйрету. Есте сақтау, фонемалық есту қабілеттерін арттыру. Орыс тілі (Маман жоспарымен	призманы құламайтындай етіп, екі жағынан цилиндрмен тіреу іскерліктерін жетілдіру; достыққа тәрбиелеу.	ермексазбен жұмыс барысында қол саусақ моторикаларын дамыту. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	--	---	--	--

III апта «Көктемгі ағаштар».	Дене шынықтыру-3 (Маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Б. Сокпақбаев "Ағаштар неге ашуланды?" Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беру мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, әңгімелеуін дамыту; балаларды тез ашуланбауға, бір бірлерін сыйлауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Көктем сәні". Мақсаты: Ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; көктемде табиғаттың әсемдігін сезіне білуге үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ё] дыбысы және Ёё әрпі, әріп таңбасымен танысу". Мақсаты: Балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері. Тақырыбы: "Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?". Мақсаты: Балалардың заттар топтамаларын салыстыруда "кем", "артық", "тең" белгілерін пайдалана білуге үйрету; заттарды биіктігі шамасы бойынша салыстыру даңдыларын жетілдіру; белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білуін қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту; табандылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ағаштың қасиеттері". Мақсаты: Балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; ағаштардың бүршік жаруы туралы ақпаратты өздігінен толықтыруға машықтандыру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы	Сурет салу Тақырыбы: "Инжугүлдер". Мақсаты: Балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету; көктем мезгілінде жасыл шөп пен жапырақтардың шығуы туралы ұғымдарын жетілдіру; зейінді, ой-қиялды дамыту; достыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: "Гүлденген ағаштар". Мақсаты: Балаларды қызғылт түсті жазық қағаз бетіне ағаш дайындамасын тігінен орналастырып, ақ түсті майлықтарды екіге, төртке бөліп қырту, умаждау арқылы ағаштың ұшар басына жапсыруға үйрету; майлықты қырту және умаждау кезінде балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; қағаз бетінде кеңістікті дұрыс бағдарлай білу іскерліктерін жетілдіру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Ағаштар, табиғат және адам". Мақсаты: Балалардың ағаштың табиғатқа және адамның тіршілігіне қосатын үлесі туралы түсініктерін жетілдіру; түрлі зияткерлік, тәжірибелік және шығармашылық әрекеттерге араластырып ағаштан жасалатын өнімдерді пайдалану біліктерін арттыру, орманды және басқа табиғат объектілерін аялау амалдарын игерту; экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. Өзін өзі тану Тақырыбы: "Мен Отанымды сүйемін". Мақсаты: «Отан» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Отан туралы түсініктерін кеңейту. Патриоттық сезімдерін дамыту. Отанын сүюге тәрбиелеу.
--	---	---	--	--	--

		Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[в] дыбысы және Вв әрпі, әріп таңбасымен танысу." Мақсаты: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, В дысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Орыс тілі (Маман жоспарымен)	балалардың ағаш қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру; құрдастарымен достық қарым-қатынастарын, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.	Мүсіндеу. Тақырыбы: "Көктем көркі". Мақсаты: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету; балалардың саусақ моторикасын дамытып, тілдік қорларын байытуға үлес қосу; көктемде даланың жайқалып кететініне, ерекшеліктеріне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	---	---	---	--

IV апта. «Бір шаңырақ астында»	Дене шынықтыру-2 (Маман жоспарымен) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: "Қауіпті жәндіктер" Мақсаты: балаларға қауіпті жәндіктер туралы түсінік беру; табиғатта кездесетін қауіпті жәндік түрлерімен таныстыру; қауіпті жәндіктерден сақтану шараларын білуге үйрету	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні!". Мақсаты: 1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні туралы түсіндіру; сұрақ жауап ұйымдастырып, балалардың тілдік нормаларын пайдалана отырып, дұрыс сөйлеуді дамыту; балаларды достыққа, татулыққа, басқа ұлттарға достықтарын арттырып тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Мақта қыз бен	Математика негіздері Тақырыбы: "Достық үйнің құрылысы" Мақсаты: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету; шынайы құрылыстар мен сызбаларды тұтас бөлік көріп, құрамындағы ұсақ бөліктерді ажыратып, сан құрамын көрсетуге дағдыландыру; бойындағы білімдері мен дағдыларын	Сурет салу Тақырыбы: "Қуыршақтар театрының кейіпкерлері" Мақсаты: балаларды "Буратино" ертегісі желісі бойынша сюжеттік суретті салуға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің келбеттеріндегі ерекшеліктерді суретте көрсетуге машықтау, дене пропорцияларын сақтауға баулу. Жапсыру Тақырыбы: "Көгершіндер" .	Өзін өзі тану. Тақырыбы: "Ризамыз, саған, «Өзін - өзі тану» әлемі!" Мақсаты: "Өзін-өзі тану" сабақтарынан алған білімдерін бекіту. "Өзін - өзі тану" сабақтарында алған білімдерін , іскерліктерін қорытындылау. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету. Адамгершілікке тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	--

		мысық" Ы. Алтынсарин (сахналау, мәнерлеп оқу)" Мақсаты: Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, диалогты сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[э] дыбысы және Ээ әрпі, әріп таңбасымен танысу". Мақсаты: Э э дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету. Э э дыбысы бар жаңа сөздерді таныту арқылы танымдық қабілеттерін, сөздік қорын, оқуға деген қызығушылығын дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ц] дыбысы және Цц әрпі, әріп таңбасымен танысу". Мақсаты: Балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру. Балаларды сауатты, мәнерлі, әсерлі сөйлеуге баулу.	шығармашылықта көрсете білуге баулу; адамның өміріндегі құбылыстарды математикалық заңдылықтармен сәйкестендіруге үйрету; зияткерлікке, шығармашылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті". Мақсаты: Балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру; 1-мамыр ынтымақ күні мерекесі жайлы өздігінен әңгімені өрбіту қабілеттерін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін; Қазақстан көп ұлтты мемлекет екенін үйретуді жалғастыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырыбы: "Ақ қайың". Мақсаты: балаларды қатырма қағаздан ағаштың діңі мен ұшар басын қиып алып,	Мақсаты: балаларды түрлі-түсті майлықтарды ұсақтап жыртып, алақан, Жер шары, көгершіндер трафареттерінің үстіне жапсыруға; ұжым болып жапсырған бөліктерді төбелік текше үстіне жапсыруға үйрету; "Қазақстан халықтарының бірлігі" мерекесі туралы, ұлттар достығы туралы білімдерін кеңейту; өзге ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу; "Бірлік болмай тірлік болмас" мақалы жайлы түсініктерін толықтыру; майлықтарды ұсақтап жырту арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: "Шаңырақ ғой киелі". Мақсаты: балаларды ермексаз бөліктерін жұмсартып, есу арқылы дөңгелек пішінге келтіріп шаңырақты мүсіндеуге үйрету; достыққа тәрбиелеу.	
--	--	---	---	---	--

		Орыс тілі (Маман жоспарымен)	майлықтарды жырту, умаждау әдістерін пайдаланып, домалақ етіп ағаштың ұшар басына жапсыруға, желіммен ағаш бөліктерін бір-біріне жапсырып, "қайың" ағашын құрастыруға үйрету.	Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	---	---	--	--

Мамыр айының өтпелі тақырыбы: «Бейбітшілік қорғанында» .

Мақсаты: Балалардың әскери қызмет жайындағы ұғымдарын дамыту; бейбітшілік өмірдің құндылығын түсінуге үйрету. Балалардың қоршаған орта, экологиялық мәдениет көктемде өсімдіктердің гүлденуі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, көктем мезгіліндегі ауыл шаруашылық жұмыстарының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту жер жырту егістік егін егу тұқым себу жұмыстары. Жазғы уақытта өткізілетін демалыстар жаз мезгілінің қызықтары туралы білімдерін кеңейту.

Білім салалары оқу қызметінің түрі және апта жүктемесі	Денсаулық-3 Дене шынықтыру – 2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері – 0,5	Қатынас-5 Сауат ашу негіздері-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-1	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	Әлеумет-1,5 Қоршаған ортамен танысу-0.5 Өзін-өзі тану-1
I апта «Бейбітшілік қорғанында»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Мәңгілік алау» Мақсаты: Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру; балаларды Отанын сүйуге, өз елі мен жерін қастерлейтін саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысы және Щщ әрпі, әріп таңбасымен танысу". Мақсаты: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Щщ әріптерін, жазылу таңбаларымен таныстыру, жазуға үйрету. Есте сақтау, фонемалық есту қабілеттерін арттыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ч] дыбысы және Чч әрпі, әріп таңбасымен танысу".	Математика негіздері Тақырыбы: "Жалауларды ретімен қоямыз". Мақсаты: балалардың айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай біліктерін ұштау; белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білу қабілетін жетілдіру; «Нешінші?» «Қайсы?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру, қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа, тапқырлыққа, ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жәндіктер әлемі". Мақсаты: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз) туралы	Сурет салу Тақырыбы: "Атқа мінген шабандоз". Мақсаты: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; салаутты өмір салтын ұстануға, Отанын сүю сезіміне тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: "Әуе шары қалықтайды". Мақсаты: балаларды жапсырудың тәсілдерін пайдалана отырып, әуе шарының шарын жапсыруға, тіктөртбұрышты бұру арқылы әуе шарының себетін жапсыруға үйрету; тіктөртбұрыштан жолақтарды кесіп алып, әуе шарының шары мен	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Қазақстанның негізгі байлықтары". Мақсаты: балалардың Отан қорғаушылар және Жеңіс күні туралы ұғымдарын тиянақтау; Қазақстанның негізгі байлықтары жөнінде мағлұматтарды жаттығулар, санамақты жаттау, суреттер галереясына қатысу, зияткерлік картасын толтыру арқылы игерту; Қазақстанның байлықтарының елге пайда әкелуін қамтамасыз ететін түрлі мамандықтар туралы білімдер беру; Отан сүйгіштікке, отандастарына, мамандықтар иелеріне құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. Өзін-өзі тану.

		Мақсаты: Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "С. Оспанов "Тілегіміз- бейбіт күн" (жаттау)" Мақсаты: Балаларға С. Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Орыс тілі (маман жоспарымен)	түсініктерін қалыптастыру; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту; қоршаған ортаға байланысты жылы сезімдерін қызығушылықтарын тәрбиелеу; жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу; жанды табиғаттың кішкентай тіршілік иелерін қорғауға баулу; топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа үйрету.	себетін бір-біріне жалғау іскерліктерін жетілдіру; Мүсіндеу Тақырыбы: "Әскери ұшақ". Мақсаты: балаларды ермексайдан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшақты мүсіндеуге үйрету; қазақтың батыр қыздары, шығыстың қос шынары жайлы айту; Отанға сүйіспеншілікті арттыру және патриоттық сезімдерін оятып, оны қорғауға, ардагерлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка-2 (маман жоспарымен)	Тақырыбы: "Сыйлық дегеніміз не?". Мақсаты: құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Сүйіспеншілікке, басқа адамға жылулық, жақсы көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	--

II апта. «Табиғаттың гүлденуі»	Дене шынықтыру-2 (маман жоспарымен) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: "Табиғаттағы қауіпсіздік". Мақсаты: балаларға табиғатта болғанда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; табиғаттағы қауіп түрлерімен таныстыру; табиғатта қауіп төнген жағдайдан құтылу шараларын білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Таңғажайып гүлдер" Мақсаты: Ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру; балалардың ойларымен бөлісіп, диалог ұйымдастырып тілдік нормаларын дамыту; балаларды әдемілікті көре білуге тәрбиелеу Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаксы деген немене, жаман деген немене» «өлеңмен танысыу» Мақсаты: Күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету. Қойылған сұраққа толық жауап беруге, сурет бойынша әңгімелеуге дағдыландыру. Үлкенді сыйлауға, қоршаған ортаны қорғауға, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "ь,ъ әрпімен таныстыру".	Математика негіздері Тақырыбы: "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық". Мақсаты: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту. «Жоғарыда - төменде» ұғымдарын пысықтау. Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау. Балаларды зеректікке, байқампаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Жаңбырдың түрлері" Мақсаты: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауы мен шығармашылық	Сурет салу Тақырыбы: "Жұпаргүл бұтағы". Мақсаты: балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдарды тиянақтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, эстетикалық талғам қабілетін дамыту. Жапсыру Тақырыбы: "Тікенекті кактус" . Мақсаты: балаларды тіктөртбұрыштарды сопақша етіп кесіп, сопақшаларды тең ортасынан бүктеп, бірінің үстіне бірін жапсыру, бүктелген сопақшалардан кактус сабағын құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; қағазды ұсақтап кесіп, кактус сабағының арасына жапсыру арқылы, кактус тікенектері деп қабылдауға үйрету; гүл қимаулілерін желімнің көмегімен тиянақты етіп	Өзін өзі тану Тақырыбы: "Мен қуаныштымын ". Мақсаты: жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Мереке, қуанышы туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Қуаныш сыйлау алуға үйрету. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.
--	--	---	---	--	--

		Мақсаты: Оқушыларды «ъ» белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Оқушылардың ойлау, есте сақтау, сауатты сөйлеу, мәнерлеп оқу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау". Мақсаты: Өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Орыс тілі (маман жоспарымен)	қиялын дамыту; білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: "Соғыс көлігі танк" . Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарынан соғыс көлігі танкті құрастыруға үйрету; соғыс, Ұлы Отан соғысы және Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар туралы білімдерін толықтыру; " танк құрылымын атай білу; балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін, қорғауға және қамқор болуға тәрбиелеу, жаңашырлық сезімдерін ояту.	жапсыруға, желімді дұрыс пайдалану іскерліктерін жетілдіру; Мүсіндеу Тақырыбы: "Қарапайым түймедақ". Мақсаты: балаларды ермексаздан түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; "түймедақ" гүлін мүсіндеудің екінші тәсілін көрсету; балалар өздерінің қалаулары бойынша мүсіндеу тәсілдерін таңдауға ерік беру. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	---	---	--	--

III апта «Көктемгі егістік»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "А.Бактыгерееваның "Гүл ектік" өлеңін жаттау. Мақсаты: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өдептілікке, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қоян және кірпі" ертегісі Мақсаты: Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу. Есте сақтауды, зейінді, артикуляциялық аппаратты, ыммен жеткізу қабілетін дамыту. Театрға және қарым-қатынас мәдениетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі" Мақсаты: Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Білуге деген құштарлықтарын арттыру;	Математика негіздері. Тақырыбы: "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды". Мақсаты: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру; сандар қатарын және сандар құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; зейінін, есте сақтау, ойлау, талқылау қабілеттерін дамыту; ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Астра гүлінің орнын ауыстыру". Мақсаты: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету; өз қолдарымен жасаған әдемілікке қарап	Сурет салу Тақырыбы: "Менің атам егінші". Мақсаты: балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру; сюжетті егіннің бойынша тұрған ағаштардың және ұшқан құстардың бейнелерімен толықтыруға үйрету; Жапсыру Тақырыбы: "Ормандағы Маша мен Аю". Мақсаты: балаларды "Маша мен Аю" ертегісіндегі аюды жартылай құрғақ қылқаламның ұшын қағазға тигізу әдісі бойынша, қоңыр түсті бояумен аю дайындамасын бояуды үйрету; ертегідегі Машаны түрлі-түсті қарындашпен бояп, ертегі кейіпкерлерінің дайындамасын көлденең орналасқан жазық қағаз бетіне, шырша және ағаш дайындамаларын қағаз бетінің екі жақ шетіне орналастырып, гофрленген	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Бұның аты - еңбек". Мақсаты: балалардың еңбектің адам тіршілігінің негізі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; түрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру; кез келген мамандықты игеруге қажет қабілеттер жайында түсіндіру; есте сақтау, қабілетін, ой өрісін дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қоғамға сіңу қасиеттеріне баулу. Өзін өзі тану Тақырыбы: "Достасу амалдары". Мақсаты: "Достық", "бірлік" құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету. Қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту. Достық қарым- қатынас дағдыларын дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.
---	---	---	---	---	---

		өзін жақсы көруге, бағалауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсаты: Дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау. Сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастыруды қайталату. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу. Орыс тілі (маман жоспарымен)	мақтаныш сезімін тудыру; жауапкершілігін арттыру, табиғатқа қатыстылығын сездіру; табиғатқа деген жанашырлық сезімін ояту.	қағаздан алаңқай, умаждау әдісімен бұлттарды, ағаштың ұшар басындағы алмаларды, күнді жапсыруға үйрету; Мүсіндеу. Тақырыбы: "Баптағанға – жер жомарт". Мақсаты: көктемгі егістіктіктердің маңыздылығын айтып, баптағанға – жер жомарт екенін түсіндіру. Балаларға мүсіндеу оқу қызметінің түрлі тәсілдерімен көрсете отырып, баланың саусақ моторикасын дамыту. Адамдардың еңбектеріне құрметпен қарап, азық-түліктің қалай келетінін, оны қастерлей білуге тәрбиелеу. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	--	---	---	--

IV апта. «Жайдары жаз келді»	Дене шынықтыру-2 (Маман жоспарымен) Қауіпсіз-мінез құлық негіздері. Тақырыбы: "Қауіпті өсімдіктер". Мақсаты: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: ""Жаздың кезі көңілді" тақырыбына шығармашылық әңгіме құру". Мақсаты: Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, көрген-білгенін байланыстыра әңгімелеуге жаттықтыру. Табиғатты аялауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Кел, жаттайық. Т. Молдағалиев "Жаз келіпті". Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, Туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Сөздер мен сөйлемдер" . Мақсаты: Сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету. Сөйлем. Сөйлемдегі сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа талдай білуге	Математика негіздері Тақырыбы: "Жиыны қанша?" . Мақсаты: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, геометриялық пішіндер мен түстерді ажырату, қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту; өз бетінше жұмыс жасау іскерлігін жетілдіру. Жаратылыстану Тақырыбы: "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: балалардың ауамен тәжірибелер мен зерттеулер арқылы іздеу-танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту; зерттеу қызметін жүргізу кезінде шығармашылық ойлау мен белсенділікті, тәуелсіздікті дамытуға ықпал ету; әлем құбылыстарында қарапайым заңдылықтар мен байланыстарды орнатуға, тәжірибелік	Сурет салу Тақырыбы: "Жазғы демалыс " . Мақсаты: балаларды өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету; өз суретіне атау қоюға машықтау; суретте адамның денелерін түрлі қалыптарда көрсетуге талпындырту; жаз мезгілі жөнінде жалпы түсініктерін тиянақтау; достыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: "Алтын балық". Мақсаты: балаларды көгілдір түсті қағазды ұзыннан жырту арқылы қағаз бетіне көлденең жапсырып,оны теңіз деп қабылдап, "Алтын балық" ертегісіндегі алтын балықты қағаздан денесін сопақша етіп кесіп алу, жүзбеқанаттары мен құйрығын қағазды бірнеше қайтара бүктеу арқылы қағаздан жасалған теңіздің үстіне жапсыруға үйрету; дидактикалық ойын арқылы балаларды теңіз және өзен балықтарын бір-бірінен ажыратуға үйрету;	Өзін өзі тану. Тақырыбы: "Бала шақтан болашаққа". Мақсаты: балаларды армандауға, болашақтарын елестете алуға үйрету.
--	---	--	--	---	--

		үйрету. Сөздік қорындағы сөздерді сөйлем, әңгіме құрауда пайдалана білуге үйрету. Балалардың ойлай білу және өзіндік пікір айту қабілеттерін дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Оқу қызметтерді пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсаты: Барлық өткен материалдарды қайталау. Жыл бойы өтілген материалдарды дидактикалық ойындар арқылы, қайталау арқылы еске түсіру. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Орыс тілі (Маман жоспарымен)	зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде тәуелсіз қорытындылар мен қорытындылар жасауға үйрету; табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: "Бөлме өсімдігі - шегіргүл". Мақсаты: балаларды гофрленген қағаздан шеңбер, сопақша пішіндерін қиып, қағаз бетіне жапсырып, шегіргүл өсімдігін құрастыруға үйрету; қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; табиғаттың әсемдігіне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; жасалған жұмыстың сапасына көңіл аударып, бағалау қабілетін қалыптастыру.	танымдық қабілеттерін дамыту; өз еріктерімен қайшымен дұрыс жұмыс жасау іскерліктерін дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: "Жәндіктердің сәні – көбелек" . Мақсаты: балаларды ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, ермексазды есу, домалақтау әдістерін пайдалана отырып көбелекті мүсіндеуге үйрету; қырнауышпен тырнау іскерліктерін дамыту; ермексазды домалату арқылы көбелектердің қанаттарын безендіру; жаз мезгілінің ерекшеліктері мен белгілері туралы айтып, жаздағы тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту. Музыка-2 (маман жоспарымен)	
--	--	--	---	---	--